

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың республикалық бюджетінен жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы N 21 ақпандағы 131 Қаулысы

Қазақстан Республикасының " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі және " 2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы " 2006 жылғы 8 желтоқсандағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың республикалық бюджетінен жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 1

а қ п а н д а ғ ы

N

1 3 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың республикалық бюджетінен жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың республикалық бюджетінен жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және 2007 жылғы республикалық бюджеттің 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасының 106 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жеміс дақылдары мен жүзімнің

көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" кіші бағдарламасы бойынша бөлінген қаражаты есебінен нысаналы ағымдағы трансферттерді Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттерінің пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған қаражат (бұдан әрі - субсидиялар) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі - АШТӨ) сорттары Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілетін селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген немесе перспективті деп танылған жеміс дақылдарының және жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге кеткен шығындардың құнын ішінара өтеуге арналады.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі(бұдан әрі - Ауылшармині) міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды жүргізеді.

4. Осы мақсаттарға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттен қаражат бөлу шартымен, бірақ төрт жылдан аспайтын уақытқа, ағымдағы жылы жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге субсидия алған АШТӨ-ге келесі жылдары жеміс беру сәті туындағанға дейін оларды өсіруге арналған субсидиялар беріледі.

5. Субсидия жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу және өсіру құнының 40% мөлшерінде, осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес алаң бірлігіне арналған шығындардың мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

6. Ағымдағы жылы субсидияларды төлеу өткен жылы күзде және (немесе) ағымдағы жылы көктемде отырғызылған жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелері алаңына және оларды 2007 жылы өсіруге жүргізіледі.

2. Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге кеткен шығындарды ішінара өтеуге арналған субсидияларды алу тәртібі

7. АШТӨ өтінімдерін қарау және жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу актісін жасау үшін аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен аудандық деңгейде жергілікті атқарушы органының, Ауылшарминінің аудандық аумақтық инспекциясының, аудандық статистика басқармасының, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері құрамындағы ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - В А К) құрылады .

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы бөлімі) ВАК-тің жұмыс органы болып табылады.

8. Субсидияларды алу үшін АШТӨ ағымдағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде ВАК-қа мынадай құжаттардан тұратын өтінім тапсырады:

- осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- жер учаскесіне арналған құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (жеке тұлғалар үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесі);
- салық төлеуші куәлігінің және статистикалық карточканың көшірмесі;
- екпе ағаштарды егу үшін пайдаланылған отырғызу материалының сорттық және егістік сапасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- екпе ағаштарын егу үшін пайдаланылған отырғызу материалын сату-сатып алу ш а р т ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

осы Ереженің 12-тармағында көзделген басым тәртіппен субсидия алуға АШТӨ-нің құқығын растайтын құжаттар.

9 . В А К :

он жұмыс күні ішінде ұсынылған өтінімдердің толықтығы мен нақтылығын тексереді, орналасқан жеріне бара отырып, осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу актісін ж а с а й д ы ;

ағымдағы жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде субсидия алуға үміткер АШТӨ тізімін (бұдан әрі - тізім) қалыптастырады және оны өтінімдермен қоса аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне бекітуге жібереді.

10. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі бекіткен тізілімді әрбір АШТӨ бойынша отырғызу актілері мен өтінімдерді ауыл шаруашылығы бөлімі үш жұмыс күні ішінде АШТӨ өтінімдерін облыста қарау жөніндегі жұмыс органы болып табылатын облыстың ауыл шаруашылығы департаментіне (басқармасына) (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы департаменті) жібереді.

Ауыл шаруашылығы бөлімі ауыл шаруашылығы департаментіне ұсынылған құжаттардың растығы үшін жауапты болады.

11. Ауыл шаруашылығы департаменті ауыл шаруашылығы бөлімі ұсынған АШТӨ өтінімдерін алғаннан кейін оларды он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

12. Егер өтінімдер сомасы бөлінген бюджеттік қаражаттың сомасынан асып кетсе, онда өңірлік бағдарламалардың міндеттерін шешу мақсатында отырғызылған жеміс дақылдары мен жүзімнің алаңдарына субсидиялар басым тәртіппен бөлінеді.

Егер өтінімдер сомасы (басым тәртіппен субсидияланатын өтінімдерді қоспағанда) бөлінген бюджеттік қаражаттың сомасынан асып кетсе, онда субсидиялауға жататын алаңдар, алаңдардың баяндалған мөлшеріне байланысты АШТӨ арасында бара-бар б ө л і н е д і .

Бұл ретте жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызудың және өсірудің ең аз субсидияланатын алаңы бір АШТӨ-де кемінде бір гектар болуы тиіс.

13. Ауыл шаруашылығы департаменті АШТӨ-нің өтінімдерін қарағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде:

1) облыс бойынша АШТӨ-нің субсидиялар алуға арналған тізбесін осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды және оны облыс әкіміне бекітуге ұсынады;

2) өтінімдерді ұсынған АШТӨ қабылданған шешім туралы жазбаша хабарламаны, теріс шешім қабылданған жағдайда - өтінімді қабылдамаудың себептерін көрсетеді.

3) АШТӨ ұсынған растаушы құжаттардың негізінде осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады.

14. Ауыл шаруашылығы департаменті субсидияларды төлеуге арналған ведомості қалыптастырғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шотын ұсынады.

15. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес АШТӨ шоттарына субсидияны аударады.

16. Ауыл шаруашылығы департаменті субсидияларды төлеу үшін ұсынылған құжаттардың растығы үшін жауапты болады.

17. Субсидия алған АШТӨ ауыл шаруашылығы департаментіне Ауылшармині бекіткен нысан бойынша есепті кезеңде алынған субсидиялардың орынды және тиімді пайдаланылғаны туралы есеп береді.

18. Ауыл шаруашылығы департаменттері тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен және тиісті жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей Ауылшарминіне төленген субсидиялардың көлемі және дақылдар мен сорттар бөлінісінде отырғызу және көпжылдық екпелерді өсіру алаңдары туралы есепті ұсынады.

19. Ауылшармині және облыстардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражатының тиімді, орынды әрі уақтылы пайдаланылуы үшін жауапты болады.

20. Ауыл шаруашылығы департаменттері АШТӨ-дан құжаттарды қабылдау мерзімін, АШТӨ өтінімдерді тапсыру орнын және басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып, субсидиялар алу тәртібін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етеді.

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың республикалық бюджетінен жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесіне 1-қосымша

1 гектарға жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызудың және өсірудің 2007 жылға арналған шығындарының мөлшері

P/cN	Дақыл	Отырғызудың және өсірудің 1 гектарға арналған шығындары, теңге	Отырғызудың және өсірудің 1 гектарға арналған шығындарының құнын субсидиялау пайызы	Отырғызудың және өсірудің 1 гектарға арналған субсидияларының мөлшері, теңге
1	2	3	4	5
1	Жеміс дақыл - дары	1 006 800	40	402 700
2	Жүзім	2 139 608	40	855 843

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың республикалық бюджетінен жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесіне
2-қосымша

_____ ауданының ВАК

Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған субсидияларды алуға өтініш

1. _____
(құрылтайшы құжаттың атауы)

негізінде әрекет ететін _____
(ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші)

бірінші басшысының атынан _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

осымен _____ га алаңға жеміс дақылынын/жүзімнің (қажетінің астын сызу керек) көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруге арналған субсидияларды бөлу туралы өтінеді.

2. **Өтінішке мыналар:**

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың (жеке тұлғалар үшін - әкімнің шаруа қожалығын құруға арналған шешімінің көшірмесі);

жер учаскесіне құқығын растайтын құжаттың;

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің;
статистикалық картаның;
екпелерді отырғызу үшін пайдаланылған отырғызу материалының
сорттық және егістік сапасын куәландыратын құжаттың;
екпелерді отырғызу үшін пайдаланылған отырғызу материалын
с а т у - с а т ы п а л у ш а р т ы н ы ң ;
басым тәртіппен субсидия алуға ауыл шаруашылығы тауарын
өндірушілерінің құқығын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері
қоса беріледі.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушінің _____
заңды мекен-жайы және банктік _____
деректемелері _____

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың
республикалық бюджетінен жеміс дақылдары
мен жүзімнің көпжылдық екпелерін
отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге
арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді
п а й д а л а н у е р е ж е с і н е
3-қосымша

**Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық
екпелерін отырғызудың
200__жылғы "_____"
N_____актісі**

Біз, төменде қол қойған, _____ облысы _____
ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) ведомствоаралық
комиссиясының мүшелері (бұдан әрі - комиссия), құрамында:
комиссия төрағасы _____

(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

комиссия мүшелері: аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының
(бөлімінің) өкілі _____, Қазақстан Республикасы Ауыл
(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық инспекциясының өкілі,
_____, аудандық статистика басқармасының
(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

өкілі _____, Қазақстан Республикасы Ауыл
(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

шаруашылығы министрлігінің ғылыми ұйымының өкілі

_____, қоғамдық ұйымның өкілі
(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

_____, _____
(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

_____ басшысы
(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)
_____ туралы осы актіні
(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)

жасадық.

мынадай көпжылдық екпелерді отырғызу жүзеге асырылды:

_____ га алаңға _____
(дақылдың атауы, сорты, егу схемасы)

_____ га алаңға _____
(дақылдың атауы, сорты, егу схемасы)

_____ га алаңға _____
(дақылдың атауы, сорты, егу схемасы)

Комиссия төрағасы _____

(қолы)

к о м и с с и я

м ү ш е л е р і :

а у д а н д ы қ

а у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

басқармасының

(бөлімінің)

өкілі _____

(қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р л і г і н і ң

а у д а н д ы қ

а у м а қ т ы қ і н с п е к ц и я с ы н ы ң өкілі _____

(қолы)

а у д а н д ы қ

с т а т и с т и к а

басқармасының өкілі _____

(қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р л і г і н і ң

ғ ы л ы м и ұ й ы м ы н ы ң өкілі _____

(қолы)

қ о ғ а м д ы қ ұ й ы м н ы ң өкілі _____

(қолы)

а у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

тауарын өндіруші

(қолы, мөрі)

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың
республикалық бюджетінен жеміс дақылдары
мен жүзімнің көпжылдық екпелерін
отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге
арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді
п а й д а л а н у е р е ж е с і н е

4-қосымша

" Б е к і т е м і н "

о б л ы с ы н ы ң ә к і м і

(Т.А.Ә., қолы, мөр)

200__жылғы " __ " _____

Жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге арналған субсидияларды алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің 2007 жылға арналған тізбесі

Р/с N	Ауданның атауы	А у ы л шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Дақыл	Отырғызу және өсіру алаңы, га	Отырғызудың және өсірудің 1 гектарға арналған субсидияларының мөлшері, теңге	Субсидияларсомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
	жиыны:		x		x	

о б л ы с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

департаментінің директоры _____ 200__ " __ " _____

(Т.А.Ә., қолы)

Облыстық бюджеттердің 2007 жылдың
республикалық бюджетінен жеміс дақылдары
мен жүзімнің көпжылдық екпелерін
отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге

арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді
пайдалану ережесіне

5-қосымша

" Б е к і т е м і н "

облысы Ауыл шаруашылығы
департаментінің директоры

(Т . А . Ә . , қ о л ы , м ө р)

200 __ жылғы " __ " _____

200 __ жылы жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз етуге арналған субсидияларды төлеу ведомосі

Р/с N	Ауданның атауы	А у ы л шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Дақыл	Отырғызу және өсіру алаңы, га	Отырғызудың және өсірудің 1 гектарға арналған субсидияла- р ы н ы ң мөлшері, теңге	Төленуге тиіс, теңге
1	2	3	4	5	6	7
	жиыны:					

----- облысының
Ауыл шаруашылығы
құрылымдық бөлімшесінің басшысы
(Т.А.Ә., қолы)

департаменті
